

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 1- сыныптарда қазақ тілін оқытудың ерекшеліктері

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты: сабақ барысында оқушы бойында негізгі 4 – дағдыны қалыптастыру арқылы жан - жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу .

Бағдарламаның міндеті:

1. мемлекеттік тілге құрмет сезімін қалыптастыру ;
2. коммуникативті іс-әрекеттеріне сүйене отырып өзгелермен еркін қарым-қатынасқа түсу;
3. мектеп қабырғасында алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану;

Нормативті құжаттар

1. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 1 наурыздағы Елбасының №205 Жарлығымен бекітілген ҚР БҒД 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. ҚР БҒ министірлігі 2016 жылы 8 сәуірде бекітілген «Қазақ тілі» пәнін оқу бағдарламасы.

Жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұндық ерекшелігі:

1. Білімді тақырып және сыныптар бойынша күрделендіру (спираль) ;
2. Блум таксаномиясы бойынша оқу мақсаттарын қою;
3. Пән аралық байланыс «ортақ тақырыптардың» болуы;
4. оқу процесінде жас ерекшелігіне сай әдіс – тәсілдерді қолдану.

Негізгі 4 дағдыны қалыптастыру:

1. тыңдалым

2. айтылым

3. оқылым

4. жазылым

Күтілетін нәтиже

1. Баланың бойында мемлекттік тілге деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу;
2. Жоспарда көрсетілген тақырыптар бойынша балалардың лексикалық сөздік қорларын толықтыру;
3. Тыңдаған\оқыған материалды түсіну;
4. Лексикалық сөздік қорына сүйене отырып сұрақ қою немесе жауап беру (сұхбат);

Сабақта қолданылатын әдіс- тәсілдер:

1. Тақырып бойынша постер құрау;
2. «Негізгі сөз» стратегиясы;
3. Т-К-О әдісі;
4. Дара диаграмма;
5. Хикая картасы;
6. Сұрақ – жауап;
7. «Ыстық картоп» ойыны;
8. «Сақина» ойыны;
9. «Ақылды сызғыш» ойыны;
10. «Шапалақ» ойыны;
11. «Қадам – сөз» ойыны.

Жұмыс барысындағы қиындықтар:

1. Оқушыға тілдік ортаның болмауы (ата – анасы қазақ тілінде сөйлемейді)
2. Баланың сөздік қоры жоқ;
3. Оқушының ішкі уәжі төмен деңгейде;
4. Оқушылардың 1 – сыныпқа дайындығы әртүрлі (балабақшаға барған\бармаған оқушы)
5. Оқушының әлеументтік жағдайы әсер етеді;
6. Мектептегі материалдық техникалық база;

Қиындықтарды шешу жолдары:

1. Тілдік орта болмағандықтан сөздік жұмысқа көп мағына беру;
2. Сабақты жаңа бағдарламаға сай жүргізу (90% қазақ тілінде сөйлеу);
3. Үлгерімі төмен оқушылармен дифференциалды тапсырмалар орындау;
4. Ішкі уәжді ояту мақсатында интербелсенді әдіс – тәсілдерді қодану және сабақ барысында барлық сыныппен жұмыс жүргізуге тырысу.

Сабақта үнемі формативті бағалауды қодану (смайликтер, стикерлер, пішіндер, мақтау, мадақтау)